

ШЫМКЕНТ УНИВЕРСИТЕТІ ОҚЫТУШЫСЫНЫҢ АР КОДЕКСІ

Оқытушының Ар Кодексі Шымкент университетінің Ғылыми Кеңесінде бекітіліп, университет қабылдаған этикалық принциптердің және адамгершілік құндылықтар ережелерінің жиынтығы болып табылады.

Университет оқытушысы – педагогикалық, ғылыми-инновациялық және тәрбие жұмысын белсенді жүргізуші кәсіби маман.

- Оқытушы жоғары сапада білім берудің, ғылыми зерттеулердің және жас ғалымдарға, магистранттарға және студенттерге ғылыми жетекшілік жасау жауапкершілігінде болады.

- Оқытушы стандарттар мен оқу бағдарламаларының талаптарын қатаң сақтайды, оқу-білім беру процесінің бекітілген тәртібіне өз бетінше өзгеріс енгізу мүмкін емес деп есептейді.

- Оқытушы өз кәсіби деңгейін үнемі жоғарылатады, жаңа инновациялық технологияларға сәйкес ғылыми-зерттеу жобаларын орындайды, академиялық интернационализациялауда белсенді болады.

- Оқытушы университеттің дәстүрлі конференцияларына белсенді қатысады.

- Оқытушы тұлғаны әлеуметтендірудің тәрбиелік аспектілерін, оның адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру – аймақтың жетекші университеттер қатарына ену жолында университеттің миссиясын, көрінісін, саясаты мен стратегиясын орындауда педагогикалық қызметтің негізгі функциясы екендігін сезінеді.

- Оқытушы студентті Отанын сүйге, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Рәміздеріне және оның ұлы тарихына құрметпен қарауға тәрбиелейді.

- Оқытушы жоғары азаматтық-ұлтжандылық дүниетаным, құқықтық және этноконфессияаралық толерантты мәдениет қалыптастыруда әлеуметтік-құқықтық белсенділік танытуға міндетті.

- Оқытушы студентті университеттің адамгершілік рухани құндылықтары мен дәстүрлерін сақтауға және дұрыс көзқарасты қалыптастыру мен дамытуға шақырады.

- Білім алушылардың еркіндігін, ар және абыройын құрметтейді, негізсіз айыптауға, дөрекілікке, жөнсіздікке жол бермейді.

- Оқытушы университеттің Миссиясы мен Стратегиясын іске асыруда оның жоғары атағы мен рейтингіне қауіп тудыратын коррупцияға (алаяқтық, парақорлық, қызмет бабын асыра пайдаланушылық) және соған ұқсас жасалатын жағдайларға қарсы әрекет жасайды.

- Оқытушы Университеттің саясаты мен бірлескен рухының патриоты және жолын ұстаушы, ол өзінің көп қырлы қызметінің барлық саласында әрекетімен және мінез құлқымен университеттің абыройы мен имиджін сақтайды және нығайтады.

- Ар Кодексі мен ережелерді бұзушылық үшін Жарғымен және басқа да нормативтік-директивалық құжаттарда қарастырылған тәртіптік және әкімшілік жаза шараларын (ескерту, сөгіс, қатаң сөгіс) қолданады немесе университеттен шығарып жіберу мүмкіндігін қарастырады.